# Қазыналы қарияларға құрмет

## Мұзбел ауылы

Мұзбел ауылының тойханасында ауыл ақсақалдарын ардақтау мақсатында «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» атты игі іс-шара өтті.

Бұл мерекеге арнайы ауылымыздың қарттары мен зейнеткерлері шақырылды.



Мұзбел ауылы

Ауыл әкімі Абаев Ерболат, «Пржевальское» серіктестігінің директоры Э.Б.Таттыбаев, қарттар ұйымының төрағасы Киркэ Штефан шараға жиналған қарттарымызға жылы лебіздерін білдіріп, Мәдениет үйінің концерттік бағдарламасын қадірменді қарияларымызбен бірге тамашалады.

Дүбірлі мерекені ұйымдастыруда демеушілік еткен, өткізуге мүмкіншілік туғызып, мерекеге орай дастарқан жайып, 60 пен 80 жас аралығындағы қазыналы қарттарға қаржылай сый-сияпат көрсеткен «Пржевальское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Э.Б.Таттыбаевқа алғыс айтамыз. Отбасына амандық, кәсібіне береке тілейміз.

**Г.И. Бекеева**
**Ауыл кітапханашысы**